

Сарыобалы ауылы «№34 негізгі орта мектебі» КММ-нің «Даналық мектебі» клубының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы №34 негізгі орта мектепте «Даналық мектебі» клубы ашылып, жылдық жоспары қрылып, жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Жоспарға сәйкес қыркүйек айында «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі» және «Жеңгелер мектебі» құрылып жұмыстар атқарылды. Қазан айында «Аталар мектебі» сабақтары өткізіліп, «Бабалар дәстүрі ұрпаққа өнеге атты» аталармен кездесу, яғни ұйымдағы аталар балаларға үлгі-өнеге көрсете отырып, «Сұрасаң бата берейін» атты бата түрлерінен байқау өткізілді.



Қараша айында «Әжелер мектебі» ұйымының жоспарына сай қыздар ұйымымен «Өнерлінің өрісі кең» ауылдағы өнерлі Бәтес іже мен Айман әже қыз балаларға тоқыманың қыр-сырын ашып, жүн түту, жіп иіру, тоқыма тоқу тәртібін үйретті.



Желтоқсан айында «Ағалар мектебі» ұйымының ұйымдастыруымен «Ағаның ініге қамқорлығы» ұл балаларға қазақтың ұлттық бұйымдарын жасауын көрсетіп тәрбиелік мағынасы бар іс-шара өткізілді.

Қаңтар айында «Жеңгелер мектебі» клубының ұйымдастыруымен «Келіндер сыны» сайысы өткізілді. Сайыс жеті кезеңнен құрылып өте жақсы іс-шара болды. Соңында ұпайлары есептеліп «Нағыз келін», «Шебер келін», «Өнерлі келін», «Талантты келін», «Білімді келін» атты номинациялармен марапатталды.



Наурыз айында «Әжелер мектебі» клубының ұйымдастыруымен «Әжем айтқан нақыл сөз» атты әжелермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында әжелер балаларға «Ақылдың сөзі, көненің көзі» демекші сұрақтарға жауап беріп, балаларға біршама мағлұматтар берді.



Сәуір айында «Ағалар мектебі» клубының ұйымдастыруымен «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» атты спорттық сайыстар өткізілді. Қыздар ұйымы «жеңгелер мектебі» ұйымының ұйымдастыруымен «Тәлімнен өрілген біздің дәстүр» атты қолөнерден байқаулар, дәмді тамақ пісіру, тоқыма тоқу жағынан сайыстар өткізді.

Орындаған: ДТІЖО М.К.Искакова

